

### References

1. *Mapping the Housing and Homelessness Crisis in California: Root Causes and Philanthropic Opportunities (Policy Summit Blog) in O Philanthropy*, May28,2020. Accessed May 28, 2022. <https://www.philanthropyca.org/news/mapping-housing-and-homelessness-crisis-california-root-causes-and-philanthropic-opportunities>
2. Jialu L Streeter. May, 2022 *Homelessness in California: Causes and Policy Considerations* <https://siepr.stanford.edu/publications/policy-brief/homelessness-california-causes-and-policy-considerations#footnote-1>
3. *Analyzing the impact of social factors on homelessness: a Fuzzy Cognitive Map approach*. Vijay K Mago, Hilary K Morden, Charles Fritz, Tiankuang Wu, Sara Namazi, Parastoo Geranmayeh, Rakhi Chattopadhyay and Vahid Dabbaghian <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC3766254/>
4. “US States - Ranked by Population 2022”, *World Population Review*, Accessed March 12, 2022. <https://worldpopulationreview.com/states>
5. *Homelessness in California Background Information for Joint Task Force Efforts September 16, 2016* [https://www.counties.org/sites/main/files/file-attachments/attachment\\_a\\_-\\_background\\_document.pdf](https://www.counties.org/sites/main/files/file-attachments/attachment_a_-_background_document.pdf)
6. M. Tobias “Will California’s plan for clearing homeless camps work?”, *Cal Matters*, December 15, 2021. Accessed March 30, 2022. <https://calmatters.org/housing/homeless/2021/11/california-homeless-camps-clearing-plan/>
7. *The State of Homelessness in America. The Council of Economic Advisers September 2019* <https://www.nhipdata.org/local/upload/file/The-State-of-Homelessness-in-America.pdf>
8. “California Homelessness Statistics”, *The U.S. Interagency Council on Homelessness (USICH)*. Accessed March 11, 2022. <https://www.usich.gov/homelessness-statistics/ca/>
9. *Psychiatric Services Volume 51, Issue 4 Apr 2000 Pages 415-542*  
*Pathways to Housing: Supported Housing for Street-Dwelling Homeless Individuals With Psychiatric Disabilities* <https://ps.psychiatryonline.org/doi/epdf/10.1176/appi.ps.51.4.487>  
*Research report. Unsheltered Homelessness Trends, Characteristics, and Homeless Histories. Samantha Batko, Alyse D. Oneto, Aaron Shroyer. P- 19. URBAN institute, Washington.* <https://www.urban.org/sites/default/files/publication/103301/unsheltered-homelessness.pdf>

FTAMP 04.15.31

<https://doi.org/10.51889/2595.2022.41.57.001>

Г.Д.Рахимова \*

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы*

## ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАРДАҒЫ САПАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### Аңдатпа

Зерттеу мақаласында автор әлеуметтік ғылымдардағы зерттеулерді жоспарлау және ұйымдастырудағы сапалық зерттеу әдісінің ерекшеліктері қарастырылады. Тақырыпты зерттеудің маңыздылығын қарастырғанда сандық және сапалық зерттеулердің кез келген бақылау формасында қолданысқа ие тәсілдердің бірі екендігі айтылады. Соның ішінде сандық әдістің негізгі түрлері мен олардың тәжірибелік тұрғыда пайдаланудың маңыздылығы әдістеріне ерекше мән беріледі. Сапалық әдістер негізінде алынған нәтижелерін қолдану оңайға соқпайтындығы жөнінде айтыла келе зерттеушінің алынған нәтижелер бойынша талдау жұмыстарын жүргізудегі жауаптылығына баса назар аударылады. Әлеуметтану әдістерін қолдану салалары мен механизмдері қарастырылады. Сапалық және сандық тәсілдердің өздеріне тән кемшіліктеріне тоқтала келе талдау

нәтижесінде алынған қорытындылар әр жағдайда, әртүрлі зерттеушінің бір объекті зерттегендегі нәтижелерінде ұқсастықтардың болмауы да мүмкін екендігі айқындалады.

**Түйін сөздер:** әдістеме, сапалық зерттеу әдісі, сандық зерттеу әдісі, фокус-топ, сауалнама.

*G. Rakhimova\**

*Kazakh National Pedagogical University named after Abai  
Almaty, Republic of Kazakhstan*

## **FEATURES OF THE METHODOLOGY OF QUALITATIVE RESEARCH IN THE SOCIAL SCIENCES**

### *Abstract*

The author in a scientific article considers the features of qualitative research in the planning and organization of research in the social sciences. In considering the importance a topic, it is said that quantitative and qualitative research is one of the methods that can be used in any form of observation. Among them, particular importance is attached to the main types of quantitative methods and the importance of their practical use. The author also emphasizes the complexity of using the results obtained on the basis of qualitative methods, and emphasizes the responsibility of the researcher when analyzing the results. Areas and mechanisms of application of sociological methods are carefully considered. Focusing on the inherent shortcomings of qualitative and quantitative methods, it is said that the conclusions obtained as a result of the analysis in each specific case may not be similar in the results of studying the same object by different researchers.

**Keywords:** methodology, quantitative research methods, qualitative research methods, focus group, questionnaire.

*Рахимова Г.Д.\**

*Казахский национальный педагогический университет им.Абая  
г.Алматы, Республика Казахстан*

## **ОСОБЕННОСТИ МЕТОДОЛОГИИ КАЧЕСТВЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ В СОЦИАЛЬНЫХ НАУКАХ**

### *Аннотация*

Автор в научной статье рассматривает особенности качественного исследования при планировании и организации работы в социальных науках. При рассмотрении важности исследования темы говорится, что количественные и качественные исследования являются одним из методов, которые можно использовать при любой форме наблюдения. Среди них особое значение придается основным видам количественных методов и важности их практического использования. А также автор подчеркивает о сложности использования результатов, полученных на основе качественных методов, и подчеркивает ответственность исследователя при проведении анализа полученных результатов. Тщательно рассмотрены области и механизмы применения социологических методов. Акцентируя внимание на присущих качественным и количественным методам недостатках, говорится, что выводы, полученные в результате анализа, в каждом конкретном случае могут не иметь сходства в итоге изучения одного и того же объекта разными исследователями.

**Ключевые слова:** методика, количественные методы исследования, качественные методы исследования, фокус-группа, анкета.

## **Кіріспе**

Әлеуметтік зерттеулер жүргізуде қолданылатын әдіс-тәсілдердің тұрақты әрі дұрыс пайдаланылуы зерттеу жұмысының сапасының жоғарылауына жақсы мүмкіндік тудыраы сөзсіз. Қазіргі таңда ғылыми ортадағы зерттеу барысында қолданылатын зерттеу әдістерінің сапалығы жөніндегі пікірталастардың көбеюі де орынды. Нысанаға алынған зерттеу жұмысының тартымдылығы терең болмаса да зерттеу барысында қолданылған әдістеме талғаммен қолданылған болса жұмыстың өзектілігін көтеретіні сөзсіз.

Әдістеме ғылыми зерттеу принциптерінің жүйесі. Әдістеме жинақталған мағлұматтардың анық-қанықтығын анықтауға мүмкіндік беретін шынайы зерттеу формасының алғашқы табалдырығы [1, С.53]. Сондықтан әдістеме қабылданған зерттеу процедураларының жиынтығын белгілеу, жинау және өңдеу арқылы деректер шығару болып табылады. Әдістемені мағыналы түсіну - зерттеу пәнінің эвристикалық (іздеу) функциясын жүзеге асырады. А.П.Куприян теорияның үш әдіснамалық қызметін бөліп көрсетеді: бағдарлау, болжау және жіктеу. Бұл қызметтері зерттеу жұмысында толыққанды теория шығаруда өте маңызды. Біріншісі, деректерді тандауда зерттеушінің күш-жігеріне бағытталса, екіншісі, себептілік тәуелділікті орнатудың маңыздығын білдіреді. Үшіншісі, алынған деректердің маңызды кездейсоқ емес қасиеттерін байланыстыра отырып жүйелеуге көмектеседі [2, С.12]. Бағдарлау қызметінің маңыздылығы қанша жоғары болғанмен зерттеушінің эмпирикалық бағдарының аясы кең болмаса әдістің атқаратын қызметінің де төмендейтіндігін аңғарамыз. Себебі деректерді талдаудағы ең маңызды фактор осы бағдарлау нәтижесінде алынған ақпараттар тізбегі негіз болып табылады.

Жеке адамдар әлеуметтік рольді орындаушы ретінде сапалы зерттеу объектісіне айналады. Сапалық зерттеу пәнін рөлді орындау процесі мен типологиясы немесе әлеуметтік тандаудың вариациясы деп атауға болады. Сапалық зерттеу әдістері тұлға дамуының жалпы заңдылықтарын немесе әлеуметтік процестің барысын анықтауға ғана емес, сондай-ақ белгілі бір нақты жағдайларда құбылыстардың тәжірибелік түрде жүзеге асу ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Сапалық зерттеу әдістері ақпаратты алу сипатының анағұрлым ашық болуымен және қойылған мәселенің немесе сондай-ақ гипотезаның жалпы түрде тұжырымдалуымен, кейін ықтимал нақтылаумен ерекшеленеді.

Сондай-ақ, икемді сапалы әдістер зерттеудің формалданған әдістерін едәуір толықтыратындығын және сапалы талдаудың логикасы алынған білімнің сенімділігін қатаң болжамдаудың, тәжірибеден өткізудің және статистикасын негіздеудің сайентистік логикасымен бірге өрбитіндігін атап өткен жөн. Байқалатын оқиғаларды түсіндірудің дәстүрлі үлгілері көбіне жалғыз әрі сенімді үлгілер ретінде жұмыс істей бермейтін жағдайларда, бұл бірден-бір нәтижелі тәсіл болып табылады [3]. Сондықтан, бұл өте маңызды. Социология мен социопсихологиядағы сапалы әдістерге деген қызығушылықтың сандық, қатаң формалданған әдістерге «әбден тойып кетудің» негізінде пайда болғандығын назарда ұстаған жөн. Қатаң және икемді әдістер бірін-бірі жоққа шығармайды, алайда олар бірін-бірі толықтырып отырады. Демек, дұрыс тәсіл - бұл зерттеудің әртүрлі стратегияларын дұрыс пайдаланудан және әрбір жағдайда ақылға қонымды жорамалдардың шектерін білуден тұрады.

## **Зерттеу әдістері**

Мақалада ғылыми әдістерде кең қолданылатын салыстырмалы әдіс тәсілі қолданылады. Сапалық әдістерде зерттеу кезеңдерінің нақты бөлінуі болмауы мүмкін, себебі деректерді жинау мен талдау бір уақытта жүреді. Сапалық зерттеулер бастапқы ақпаратты жинау үшін формалды емес және өлшенбейтін әдістерді пайдаланады. Мысалы, бұл тереңдетілген сұхбат, стандартталмаған бақылау, жеке құжаттарды талдау және т.б. болуы мүмкін. Әдістеме және техника әдісін ұтымды пайдалана отырып эмпирикалық (сұхбат алу, анкета

алу, құжаттарды талдау, бақылау және эксперимент) және қолданбалы социология мәселелерінің актуалды тақырыптарын ашуда зерттеу жұмысында пайдаланылды.

Әлеуметтанудағы сапалық әдістерді қолдану салалары және олардың түрлері (қойылған мәселенің маңыздылығы)

Сапалы зерттеулерді жақтаушы әрі тиімді пайдаланушылардың көпшілігі мойындайтын және әлеуметтік ғылымдар мен психологияда қолдану дәстүрі бар бірнеше стратегияларды екшелеп көрсетуге болады. Мәселен, Дж. Крессвелл, Р.Тэш, К.Мустакас сапалық зерттеу әдістемелерін гуманитарлық зерттеудің модельдері деп түсіндіреді [4,186.]. Жеке зерттеулерді нақты бір стратегиямен бір жақты сәйкестендіру қиын болуы мүмкін екендігін ескеру маңызды. Өйткені, әсерленушіліктерді зерттеу (феноменологиялық зерттеу), өмір тарихын (өмірбаяндық зерттеу), белгілі бір қауымдастықтың өмір салтын (этнографиялық зерттеу), белгілі бір тұлғаны зерттеу зерттеумен бірге өрбуі немесе олардың бір бөлігі болуы мүмкін. Ішінара кездесетін осындай қиындықтарға байланысты, сондай-ақ өзін ғылымдағы қандай да бір арнайы тәсілмен ба ланыстырғысы келмегендіктен бүгінде көпшілігі өз жұмыстарын бір нәрсені «сапалы зерттеу» деп жалпылама айта салады.

Сапалы әдістер негізінде алынған нәтижелерін қолдану оңайға соқпайды. Басқаша айтар болса, зерттеу объектісі бір бола отырып зерттеу әдістері де ортақ әртүрлі зерттеуші бірдей ұқсас нәтижелерге қол жеткізе алмайды.

Осындай зерттеу барысында:

➤ Жеке тұлғаның өмір жолының әртүрлі аспектілерін және оларға деген көзқарастарын сипаттауы;

- Өмірдің мәнін анықтау және оларды түсіндіру;
- Қарапайым тілмен түсіндіруге болатын терең білім алу;
- Стандарттаудың икемділігі мен қатаңдығы.

Әлеуметтану әдістерін қолдану салалары мен механизмдері алуан түрлі. Мысалы, оларды зерттеу үшін төмендегідей аспектілерді қарастыруда тиімді болмақ:

- Халықтың көші-қоны жағдайында жаңа әлеуметтік жағдайға бейімделу;
- Гендерлік ерекшеліктер және күнделікті тұтыну тәжірибесінің спецификасы;
- Өндірістік тәжірибедегі экстремалдық жағдайлар;
- Әлеуметтік және еңбекке икемділік.

Әлеуметтің ғылымдардағы зерттеудің сапалық әдістеріне төмендегідей түрлерін жатқызамыз:

➤ Бақылау (зерттелетін объектіні мақсатты түрде жүйелі, бекітілген белгілі бір жолмен зерттеу әдісі);

- Тереңдетілген сұхбат (маркетингте жиі қолданылатын социологиялық зерттеу әдісі);
- Фокус-топ әдісі;
- Жеке құжаттарды талдау.

Бақылау әдісіне келер болсақ, оның жалпы міндеті – құбылыстарды немесе тұлғалық қасиеттерді талдау және бекіту арқылы социологиялық зерттеуде сапалық көзқарас туралы түсінік қалыптастыру. Бақылау әдісі сандық бақылау әдісінде де қолданылады. Сапалық бақылауды жүзеге асыру нәтижесінде әлеуметтанушы тікелей бақыланатын объектілер жайындағы мағлұматтарды тіркеп қана қоймай, бақыланатын әрекеттерді де дұрыс түсіндіре білуі шарт. Бұл жерде әлеуметтік жағдайдың контекстіне және оның әртүрлі психологиялық аспектілеріне назар аудару маңызды. Сапалық бақылау әлеуметтік топтардың ішкі өмірін зерттеу мүмкін болмаған жағдайда қолданылады. Әлеуметтік топ – тек өзіне тән тұрақты қасиеттерге ие адамдардың тұрақты жиынтығы (әлеуметтік жағдай, ортақ қызығушылықтардың болуы, құндылықтық бағдарлардың ортақтығы).

Тереңдетілген сұхбат әдісі сапалық сипаттағы социологиялық зерттеулерде де қолданылады. Сонымен қатар, мекеме мақсатты аудиторияның бірқатар өкілдерімен олардың қалаулары, талғамдары, қорқыныштары мен қиындықтары туралы білу үшін үлкен сұхбат алады және ол өнімді әзірлеу немесе жақсарту кезінде осы ақпаратты ескереді.

Тереңдетілген сұхбат кездейсоқ сипаттағы ұзақ әңгіме арқылы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұл ретте интервьюер мен сұхбат алушы тең сұхбаттасушы рөлдерін қабылдайды. Тереңдетілген сұхбат құрылымдалмаған немесе құрылымдалған болуы мүмкін. Құрылымсыз еркін сұхбат барысында социолог тақырыпты ашу мақсатында респонденттің жауаптарының мәні өзгермес үшін кедергі жасамайды. Құрылымсыз сұхбат әңгімелесуден және баяндаудан құрылуы мүмкін:

- Әңгімелеу сұхбаты – сұхбат алушының араласуынсыз еркін сұхбат түрі немесе интервью берушінің өз биографиясы жайында социологтың өте нәзік басқаруымен өтетін өзіндік баяндау тәсілі.

- Диалогтық сұхбат – сұхбаттың ерекше түрі: зерттеуші мен респонденттің әртүрлі мәселелер бойынша тең пікір алмасуы.

Фокус-топтық әдіс – пікірталас түрінде өткізілетін, тұжырымдалған гипотезаларды пилоттық тестілеу үшін социологиялық білім аясында белсенді қолданылатын жартылай терең сұхбат әдісі.

Сапалық зерттеулерге келетін болсақ, фокус-топ әдісі әртүрлі мәселелер бойынша топ мүшелерінің пікірлері туралы ақпарат алу үшін қолданылады. Мәселен, бұл әдіс жарнаманың қаншалықты тиімді немесе тиімсіз екендігін сынау үшін де қолданылуы мүмкін. Ұйымдастырушылық тұрғыдан фокус-топ барлық қатысушыларды белгіленген уақытта белгілі бір жерге жинауды көздейді. Фокус-топты белгілі бір деңгейдегі тәжірибесі бар интервьюер жүргізгені дұрыс. Бұл жағдайда уақыт ұзақтығы бір сағаттан аспағаны жөн. Фокус-топқа қатысушылар кездейсоқ кездесуі керек те, алынған ақпаратты арнайы құрылғыға жазып алуға болады. Сұхбат алушыға көмекшілері жиі көмектеседі. Мұндай сұхбаттық талқылаулар жеке тұлғалар арасындағы сан алуан пікірлер арасындағы қақтығыстарды тудыратыны сөзсіз. Мұндай әдіс жеке сұхбат алу түрімен салыстырғанда зерттеушінің материалдық және уақыт ресурстарын айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік береді. Фокус-топ әдісі маркетинг саласында кең қолданысқа ие.

### **Талқылау**

Зерттеудің сапалы социологиялық әдістері ең алдымен Макс Веберді түсінуші социологиялық теориялық ережелеріне, Эдмунд Гуссерль, Альфред Шутс феноменологиясының философиялық идеяларына, Питер Бергер мен Томас Лукманның білім социологиясына, Гарольд Гарфинкельдің этноәдіснамасына, Джордж Мидтің, Ирвин Гофманның символдық интеракционизміне негізделген. Негізгі ұғымдарды нақтылаудан бастайық. Зерттеудің сандық әдістері (кейде бұл әдістер «қатаң» немесе «объективті» деп аталады) ықтималдық теориясы мен статистикалық тәртіптеріне сүйенеді. Сандық әдістер әлемді әлеуметтік заңдылықтарға бағынатын бірыңғай тұтастық ретінде қабылдауға көмектеседі. Жеке адамдардың өмірі сол жеке адамдардың өмірінен тыс жатқан көрініс болып табылады. Ал әлеуметтік заңдар нақты адамдардың санасына тәуелді емес. Сондықтан зерттеудің сандық әдістерін пайдалану барысында нақты жеке адамдар жаппай сауалнамалар аясында жоқ болып кетеді, ал кестелер, графиктер мен байланыс коэффициенттерінің көмегімен абстрактілі кездейсоқ модельдер құрылады. Сандық әдістер адамдардың қалың бұқарасының әлеуметтік мінез-құлқын сипаттау, қоғамдық пікірлерді, дәстүрлерді, әлеуметтік қауымдастықтар мен топтарды және т.б. зерттеу үшін пайдаланылады. Осылайша, сандық әдістерді пайдалана отырып, зерттеуші бастапқы деректерді есептеуге ыңғайлы түрде алады (әдетте ол бастапқы деректер шкалалар түрінде анықталады) [5,199 б.]. Мұндай мәліметтер құрал сауалнама құралдарын (сауалнамалық анкеталарды, нысандандырылған сұхбаттың топик-гадтары) әзірлеу сатысының өзінде операциялау арқылы арнайы жобаланады. Сапалы социологиялық әдістер (кейде бұл әдістер «жұмсақ» деп аталады) бастапқы мәліметтер әртүрлі себептерге байланысты қарапайым тәсілдермен санауға ыңғайлы пішінге келтіру мүмкін болмайтын зерттеу түрі ретінде ұғынылады [5,

1996.], яғни статистикалық емес тәсілдермен алынады. Сапалы әдістерді нақты бір адамдардың күнделікті өмірін, нақты бір тәжірибені, әлеуметтік өмірдің әдеттен тыс немесе жаңа құбылыстарын зерттеу, адамның қандай да бір құбылыстан алған әсерін (әсерлерін) және адамға таңсық емес бір заттың, жағдайдың, оқиғаның немесе оның өз өмірінің кейбір тұстарының мән-мағынасын айқындай түсу үшін пайдаланады.

Сапалық зерттеулер, ең алдымен, сандық ретіндегі жалпы заңдылықтарды анықтауға емес, ауытқуларды анықтауға, құбылыстардың белгілі бір жағдайларда байқалуының өзіндік ерекшеліктеріне қарай бағытталған. Зерттеудің сапалы әдістері, сандық әдістерге қарағанда зерттеудің неғұрлым ашық сипатымен байланысты және проблема мен бастапқы жорамалды жалпылама көріністе, зерттеу барысында нақтылай отырып тұжырымдауды қарастырады [6]. Мұнда зерттеу кезеңдерінің нақты шекарасы жоқ, деректерді жинау мен талдау бір уақытта жүреді. Сапалы зерттеу барысында бастапқы социологиялық ақпаратты жинаудың терең сұхбат, стандартты емес бақылау, жеке құжаттарды, оның ішінде көзге көрінетін құжаттарды (фотоларды, бейнежазбаларды) талдау, нәтижелерді еркін баяндау мәнері сияқты нысандандырылмаған немесе өлшенбейтін әдістері пайдаланылады. Сапалы социологияның ерекшеліктерінің бірі - ол әртүрлі жалпылауларды тек бір ғана эмпирикалық материал негізінде жасаудың мүмкіндігі.

Алайда сапалық және сандық тәсілдердің өздеріне тән кемшіліктері бар. Сапалы әдістердің негізінде алынған зерттеу нәтижелері үнемі қайталана бермейді, яғни өзге зерттеуші сол әдістерге сүйене отырып, ұқсас жағдайда мүлдем басқа нәтижелерді алуы алуы мүмкін. Сандық тәсіл кезінде өзара байланыстылықтың статистикалық маңызды коэффициенттерін алуға болады, алайда бұл жағдайда, адамдардың нақты өмірде қалай өмір сүретіндігін түсіну және түсіндіру өте қиын.

Әлеуметтік ғылымдардың негізгі дереккөзі қандай? Социологиялық білімнің шынайы негізі деп нені түсінеміз? Дереккөз әлеуметтік фактіні тудырмайды ма? «Әлеуметтік дерек» ұғымы нені білдіреді? Деректерді санадан тәуелсіз онтологиялық және логикалық-гносеологиялық (тәуелсіз сана тұрғысында) тұрғыдан қарастыруға болады. Онтологиялық мағынада деректер – ол шындықтың бақылаушыға тәуелді емес кез келген жағдайлары (күйлері) немесе болып кеткен оқиғалар тізбегі. Логикалық-гносеологиялық тұрғыдан деректер деп шынайы өмірдің жекелеген көріністерін белгілі бір кеңістік пен уақыт аралығында сипаттау арқылы алынған негіздемесі бар білімді атайды. Бұл білім жүйесінің қарапайым құрамдас бөліктері. Әлеуметтік деректерге мыналарды жатқызуға болады:

- жеке адамдардың немесе бүкіл әлеуметтік қауымдастықтардың жүріс-тұрысы, мінез-құлқы;

- адамның іс-әрекеттерінің өнімдері (материалдық және рухани);

- адамдардың сөздік іс-әрекеттері (пайымдаулар, пікірлер, көзқарастар және т.б.).

Гносеологиялық тұрғыдан алғанда әлеуметтік деректік мәнге әлеуметтік шындықтың көріністері сипатталатын белгілі бір ұғымдар жүйесінің арқасында ие болады. Не десек те, ғылыми дерек – бұл танымдық процестің бастамасы емес, бұл оның белгілі бір нәтижесі. Әрине, бұл эмпирикалық жалпылау деңгейіндегі алдын ала, аралық қорытынды [7, 178 б.]. Бұл мәселені жіті қарастыратын болсақ, белгілі бір ұжымды алайық. Кез келген ұжымды басқарушы тұлға болады және оған бағынушы қызметкерлерден тұратыны сөзсіз. Ұжымдағы белсенді қызметкерлерді қалай анықтаймыз? Әлеуметтанушы бұл мәселе бойынша «деректік анықтама» берді делік. Оны қайдан алды? Ұжымда әрдайым өткізіліп отыратын іс-шаралар нәтижесіне сүйене отырып қарастырады. Кез келген ұжымның ішінде белсенді қызметкерлердің жемісті атқарылып отырған іс-шараларының нәтижесіне қарап ол қызметкерден айырылмау. Бұл гносеологиялық тұрғыдан берілген сипаттама болар еді. Себебі біз ұжымдағы бүкіл қызметкерлерді жеке қарастырып отырған жоқпыз. Олар пассив ортаға кіріп кетеді де бұл зерттеудегі олқылықты тудырады. Пассив ортаға жататын қызметкерлерге жеке тапсырма беру, орындауын қадағалау арқылы олардың да бойындағы белсенділік қабілеттерді анықтауға болатындығына баса назар аударылмайды және оған

уақытын да бөлмеуі мүмкін. Міне осындай сипаттамаларды зерттеу нәтижесінде күмәнді деректер тудыратынына көзіміз жетеді. Жекелеген оқиғалардағы әлеуметтік шындық бұқаралық процестің элементарлық бөлшектері болып табылады. Бұл жерде жалпыдан жалқыны таба отырып зерттеу формасына өтуге де болады. Мұны ұқсастық әдісі дейміз. Ұқсастық әдісі – бірнеше жағдайларды салыстыруға бағытталған бақыланатын құбылыстың себебі туралы қорытынды жасау [8,164б.]. Ұқсастық әдісі бойынша бірнеше жағдаят қарастырылуы мүмкін. Сапалық зерттеудің ішінде ұқсастық әдісін үйлестіре алу зерттеушінің тәжірибесіне де көп байланысты әрі тың идеялардың пайда болуына себепкер бола алады.

*1-кесте. Сандық және сапалық зерттеу әдістерінің айырымдық ерекшеліктері [9]*

Сандық тәсіл	Сапалық тәсіл
Теориялық-әдістемелік негіздері	
Реализм. Сенімді және объективті білім.	Феноменология. Релятивизм. Оқиғаның немесе әлеуметтік құбылыстың субъективтік сипаттамасы.
Талдау пәні	
Ірі әлеуметтік топтар.	Кішігірім қауымдастықтардың субъективтік әлемі мен сезімдері.
Зерттеу мақсаты	
Факторларды анықтау мен олардың өзара байланыстарын өлшеу арқылы ортақ заңдылықтарға сүйене отырып зерттеу нысанына сипаттама беру.	Зерттеу нысанындағы әртүрлі элементтерді біріктіру мақсатында түсіндіру және тұжырымдау.
Бастапқы деректердің сипаты	
Ақпарат формализация мен стандарттауды қажет етеді.	Ерікті түрде берілген ақпараттарды рәсімдеудің қиындықтар тудыруы.
Талдау логикасы	
Дедукция әдісі: ұғымдарды талдау арқылы абстракциядан деректерге көшу. Сандық көрсеткіштер арасындағы байланыстарды сипаттау (фрагментация).	Индукция әдісі: бақылаулар мен өмір туралы әңгімелеуден ұғымдарға көшу. Оқиға немесе құбылыстың жалпы бейнесі мен тұтастығын сипаттау.
Таңдау стилі	
Мәліметтерді қатаң жүйелеу.	Жеңіл-желпі қиялдау нәтижесінде туындаған зерттеуді ұсыну.
Жарамдылық, сенімділік	
Сенімді қайталау арқылы орнатылған байланыстар.	Парасатты зерттеу нәтижесінде туындаған ақпараттың нақты қанықтығы.

### Қорытынды

Зерттеу тәжірибесінде сапалық зерттеу ұғымы жеткілікті түрде кең түсіндірілгенімен әрқашан анық емес. Сонымен сапалық әдістерге не жатады? Сапалық әдістерге сұхбат, фокус-топтар, қатысушыларды бақылау, этнография, тарихи талдау және мәтін немесе мазмұнды талдау жатады. Бұл әдістер әлеуметтанулық зерттеулердің барлық негізгі бағыттарында қолданылады.

Сондай-ақ, әлеуметтік шындық туралы тұтастай түсінікті көптеген әлеуметтік байланыстармен өмір сүріп отырған, белсенді сезінуші әрі әрекет етуші жеке адамның көзқарасы тұрғысынан қалыптастыру үшін қоғам туралы қалыптасқан білім салаларының шекараларын бұзатын арнайы теорияны жасап көруге болады. Мұндай әрекетті, мысалы, П.Бурдые жасауға тырысты. Ол белгілі бір әлеуметтік жағдайларға тап болудың арқасында қалыптасатын және белгілі бір практикалық іс-әрекет пен шындық туралы түсініктерді жинақтау мен құрылымдау қағидаттары қызметтерін орындайтын, уақытта созылып жатқан және барлығын қамтушы жеке ұстанымдар (қабылдау, бағалау және әрекет үлгілері) ретінде анықталатын «хабитус» ұғымын енгізеді [10, 7 б.]. Бұдан әрі қарай, егер де біз адамды, оның

сыртқы және ішкі дүниесін түсінгіміз келсе, онда адам әртүрлі пайымдар мен әрекеттерге енгізетін мағыналарды дәлме-дәл түсінуге жақындай түсуіміз тиіс. Оның мінез-құлық әрекеттері туралы идеяларды оңтайландыру әрдайым белгілі бір теория тұрғысынан мүмкін болады, бұл әрекеттер соның шеңберінде түсіндіріледі. Сонымен қатар, адамның іс-әрекеттері әрқашан да оңтайлы бола бермейді, яғни оларды оның өзі жете түсіне бермейді. Олардың ішкі мағынасын ұғыну үшін сырттай бақыланатын әрекеттер мен пікірлерді шешуге көп күш салу қажет. Ол үшін тек сапалы әдістерді – сұхбаттасудың, бақылаудың, оқиғаларға қатысудың икемді, алдын-ала программаланбаған тәсілдерін пайдалануға әрекеттенеді, нақты оқиғаларға қатысушы өзге де адамдармен бірге әсерленушілік сезіміне қол жеткізуге тырысады.

#### *Әдебиеттер:*

1. Батыгин Г.С. *Обоснование научного вывода в прикладной социологии.* – М.: Наука, 1986. – 596 с.
2. Куприян А.П. *Методологические проблемы социального эксперимента.* – М.: МГУ, 1971.
3. *Новые направления в социологической теории.* – М.: Прогресс, 1978.
4. Улановский А.М. *Качественные исследования: подходы, стратегии, методы. Психологический журнал.* - 2009.- Том 30.- №2. – стр.18-28.
5. Божков О.Б. *Технология социологического исследования: как это варится. Курс лекций.* Спб.: Эйдос, 2016.-296 с.
6. Семенова В.В. *Качественные методы: Введение в гуманистическую социологию.* – М.: Добросвет. 1998. – 289 с.
7. Ядов В.А. *Стратегия социологического исследования. Описание, объяснение, понимание социальной реальности.* – М.: Добросвет, 2000. – 596с..
8. Рахимова Г.Д. «Салыстырмалы әлеуметтану» пәнін оқытудағы әдіс-тәсілдердің қолданылу ерекшеліктері // *Хабаршы «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы. Том 74, №2 (2021).*
9. Семенова В.В. *Качественные методы: введение в гуманистическую социологию: Учебное пособие для студентов вузов.* – М.: Добросвет, 1998. – 289 с.
10. Bourdieu P. *The Logic of Practice.* Cambridge, 1990.

#### *References:*

1. Batygin G.S. *Obosnovanie nauchnogo vyvoda v prikladnoi sotsiologii* – М.: Nauka 1986.- 596 s.
2. Kupriian A.P. *Metodologicheskie problemy sotsialnogo eksperimenta* М: MGU, 1971.
3. *Novye napravleniia v sotsiologicheskoi teorii* – М.: Progress 1978.
4. Ulanovskii A.M. *Kachestvennye issledovaniia podkhody strategii metody. Psikhologicheskii zhurnal.*- 2009 - Tom 30 - 2 str 18-28.
5. Bozhkov O.B. *Tekhnologiia sotsiologicheskogo issledovaniia kak eto varitsia. Kurs lektsii.* Spb: Eidos, 2016. -296s.
6. Semenova V.V. *Kachestvennye metody Vvedenie v gumanisticheskuiu sotsiologiiu* М: Dobrosvet, 1998. - 289 s.
7. Iadov V.A. *Strategiia sotsiologicheskogo issledovaniia Opisaniie obieiasnenie ponimanie sotsialnoi realnosti* М: Dobrosvet, 2000.- 596s.
8. Rakhimova G.D. *Salystyrmaly aleumettanu panin okytudagy adis-tasilderdi koldanylyu erekshelikteri* // *Khabarshy aleumettanu zhane saiasi gylymdar seriaiasy* Tom 74, №2, 2021.
9. Semenova V.V. *Kachestvennye metody vvedenie v gumanisticheskuiu sotsiologiiu Uchebnoe posobie dlia studentov vuzov* – М.: Dobrosvet 1998. –289 s.
10. Bourdieu P. *The Logic of Practice* Cambridge 1990.